

"Адвокат көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеудің, құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 834 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 15 тамыздағы № 559 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 13 шілдедегі № 560 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.07.2023 № 560 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Адвокат көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеудің, құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 834 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Адвокат, заң консультанты көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеудің және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшерін бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған адвокат, заң консультанты көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеудің және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшері (бұдан әрі – ақы төлеу мөлшері) бекітілсін.";

көрсетілген қаулы осы қаулыға қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы ақы төлеу мөлшері 2022 жылғы 20 тамыздан бастап қолданысқа енгізілетін 2-тармақты қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 15 тамыздағы
№ 559 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 834 қаулысымен
бекітілген

Адвокат, заң консультанты көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеудің және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшерлері

1. Адвокат көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеудің және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшері:

1) мына:

қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген сатысында:

аса ауыр қылмыс жасағаны үшін күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның немесе аса ауыр қылмыс жасады деп тағылған айыптан ақталғанның;

аса ауыр қылмыс жасады деп күдіктену, айып тағу бойынша өзіне қатысты қылмыстық іс сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында тоқтатылған күдіктінің, айыпталушының қорғаушысы ретінде қатысудың;

қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген сатысында аса ауыр қылмыс салдарынан жәбірленуші деп танылған адамның өкілі ретінде қатысудың;

аса ауыр қылмыс жасағаны үшін қамауда ұсталған, ұйқамақтағы немесе қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде жазасын өтеп жатқан өзі қорғайтын адаммен кездесудің;

өтініштер, өтінішхаттар, процестік келісімдер, сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істерді қоспағанда, қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісімдер, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың

әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне арыздар, апелляциялық, кассациялық және өзге де арыздар, апелляциялық, кассациялық және өзге де арыздарға қарсылықтар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істерді қоспағанда, қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда азаматтық талапкермен, азаматтық жауапкермен бітімгершілік келісімдер, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімдер немесе дауды партисипативті тәртіппен реттеу туралы келісімдер, аса ауыр қылмыс жасағаны үшін күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталғанды қорғау және олардың мүддесінде азаматтық талап қоюға немесе аса ауыр қылмыс салдарынан жәбірленуші деп танылған адамның мүддесінде пікір (қарсылық) білдірудің бір сағаты үшін тиісті кезеңге бекітілген 1,15 айлық есептік көрсеткіш;

2) мына:

қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген сатысында:

ауыр қылмыс жасағаны үшін күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның немесе ауыр қылмыс жасады деп тағылған айыптан ақталғанның;

ауыр қылмыстық іс жасады деп күдіктену, айып тағу бойынша өзіне қатысты қылмыстық іс сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында тоқтатылған күдіктінің, айыпталушының қорғаушысы ретінде қатысудың;

қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген сатысында ауыр қылмыс салдарынан жәбірленуші деп танылған адамның өкілі ретінде қатысудың;

ауыр қылмыс жасағаны үшін қамауда ұсталған, ұйқамақтағы немесе қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде жазасын өтеп жатқан өзі қорғайтын адаммен кездесудің;

өтініштер, өтінішхаттар, процестік келісімдер, сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істерді қоспағанда, қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісімдер, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне арыздар, апелляциялық, кассациялық және өзге де арыздар, апелляциялық, кассациялық және өзге де арыздарға қарсылықтар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істерді қоспағанда, қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда азаматтық талапкермен, азаматтық жауапкермен бітімгершілік келісімдер, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімдер немесе дауды партисипативті тәртіппен реттеу туралы келісімдер, ауыр қылмыс жасағаны үшін күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталғанды қорғау және олардың мүддесінде азаматтық талап қоюға немесе ауыр қылмыс салдарынан

жәбірленуші деп танылған адамның мүддесінде пікір (қарсылық) білдірудің бір сағаты үшін тиісті кезеңге бекітілген 0,78 айлық есептік көрсеткіш;

3) мына:

әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамды әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізудің кез келген сатысында қорғаудың;

заң көмегіне ақы төлеуден және азаматтық іс бойынша іс жүргізуде өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеуден босатылған адамның атынан өкілдік етудің және оларды бюджет қаражаты есебіне жатқызудың;

адвокатқа жүгінген жағдайларда жеке тұлғаларға құқықтық консультация берудің;

қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген сатысында:

қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес не ауырлығы орташа қылмыс жасады деп күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның немесе қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес не ауырлығы орташа қылмыс жасады деп тағылған айыптан ақталғанның;

қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес не ауырлығы орташа қылмыс жасады деп күдіктену, айып тағу бойынша өзіне қатысты қылмыстық іс сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында тоқтатылған күдіктінің, айыпталушының қорғаушысы ретінде қатысудың;

қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген сатысында қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес не ауырлығы орташа қылмыс салдарынан жәбірленуші деп танылған адамның өкілі ретінде қатысудың;

онша ауыр емес не ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін қамауда ұсталған, ұйқамақтағы немесе қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде жазасын өтеп жатқан өзі қорғайтын адаммен не әкімшілік ұстап алуға тартылған адаммен кездесудің;

өтініштер, өтінішхаттар, процестік келісімдер, сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істерді қоспағанда, қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісімдер, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне арыздар, апелляциялық, кассациялық және өзге де арыздар, апелляциялық, кассациялық және өзге де арыздарға қарсылықтар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істерді қоспағанда, қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда, азаматтық талапкермен, азаматтық жауапкермен бітімгершілік келісімдер, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімдер немесе дауды партисипативті тәртіппен реттеу туралы келісімдер, қылмыстық теріс қылық

немесе онша ауыр емес не ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталғанды қорғау және олардың мүддесінде азаматтық талап қоюға немесе қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес не ауырлығы орташа қылмыс салдарынан әкімшілік құқық бұзушылық іс бойынша немесе азаматтық іс бойынша жәбірленуші деп танылған адамның мүддесінде пікір (қарсылық) білдірудің;

адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін консультациялар, анықтамалар, құқықтық сипаттағы құжаттарды жасау түрінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 475-бабы үшінші бөлігінің бірінші абзацында және 476-бабының 4), 5), 5-1), 11), 13), 15), 17), 19) және 22) тармақшаларында көзделген жағдайларда соттардың үкімдері мен қаулыларын орындау барысында ұсынылатын құжаттарды дайындау кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өзге де түрде көрсетуінің бір сағаты үшін тиісті кезеңге бекітілген 0,56 айлық есептік көрсеткіш;

4) қылмыстық іс бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізудің кез келген сатысында түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері қорғаушы ретінде қатысудың бір сағаты үшін – осы қосымшаның 1-тармағының 1) – 3) тармақшаларында белгіленген ақы төлеу мөлшерінен 1,5;

5) тергеп-тексерудің немесе өзге әрекеттің басталуын немесе оны кейінге қалдырған жағдайда оның жалғастырылуын: сот отырысының басталуын немесе оны кейінге қалдырған жағдайда оның жалғастырылуын күткен уақыты үшін – осы қосымшаның 1-тармағының 1) – 3) тармақшаларында белгіленген ақы төлеу мөлшерінен 50 пайыз;

6) нақты іс бойынша қорғауды немесе өкілдік етуді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының шегінде басқа жерге іссапарға шығуға байланысты шығыстарды өтеу – мемлекет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері үшін белгіленген мөлшерде.

2. Заң консультанты көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеудің және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшері:

1) мына:

заң көмегіне ақы төлеуден және азаматтық іс бойынша іс жүргізуде өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеуден босатылған адамның атынан өкілдік етудің және оларды бюджет қаражаты есебіне жатқызудың;

заң консультантына жүгінген жағдайларда жеке тұлғаларға құқықтық консультация берудің;

өтініштер, өтінішхаттар, апелляциялық, кассациялық және өзге де арыздар, апелляциялық, кассациялық және өзге де арыздарға қарсылықтар, қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісімдер, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімдер немесе дауды партисипативті тәртіппен реттеу туралы келісімдер және басқа да құқықтық сипаттағы құжаттарды әзірлеудің бір сағаты үшін – тиісті кезеңге бекітілген 0,56 айлық есептік көрсеткіш;

2) сот отырысының басталуын немесе оны кейінге қалдырған жағдайда оның жалғастырылуын күткен уақыты үшін – осы қосымшаның 2-тармағының 1) тармақшасында белгіленген ақы төлеу мөлшерінен 50 пайыз;

3) нақты іс бойынша өкілдік етуді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының шегінде басқа жерге іссапарға шығуға байланысты шығыстарды өтеу – мемлекет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері үшін белгіленген мөлшерде.